

ҚАЗАҚСТАНДА «ЖАСТАР ЖЫЛЫ» БАСТАЛДЫ



23 қаңтарда Қазақстан елордасы Астана қаласындағы «Нұр Әлем» сферасында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Жастар жылының» ашылу салтанаты өтті.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды Жастар жылының ашылуымен құттықтап, бұл шараның келешек ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті ірі қалалардағы жас отбасылардың тұрғын үй проблемаларының өзектілігін атап өтіп, бұл мәселені шешу үшін тұрақты кіріс болу керектігін, сондай-ақ, адамның жақсы тұрмысының негізгі көзі – жұмыс екенін айтты.

– Өткен жылы Қазақстанда орта мектепті 125 мыңнан астам жас түлек бітіріп шықты. Келешекте еңбек нарығына шығатын жастардың саны арта түспек. Қазіргі уақытта елімізде 300 мыңға жуық адам немесе жастардың 9 пайызы оқуға және еңбекке тартылмаған. Бұл санатқа жататын жастардың санын азайтуға септігін тигізетін тиімді шаралар қабылдау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев техникалық және кәсіби білім беру жүйесін сапалы дамытудың негізгі басымдықтарына арнайы тоқталды.

– «100/200» қағидаты негізінде «Жас маман» бағдарламасын әзірлеу қажет. Үш жыл ішінде бұл жоба еліміздің барлық өңірі бойынша 200 мыңға жуық жас азаматты қамтитын болады. Осы жоба аясында жаңғыртылған 200 оқу

орнының базасында сұранысқа ие 100 индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадрлар даярлау іске асырылады, – деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға арнайы Жол картасын әзірлеуді тапсырды. Бұл жас қазақстандықтарды қол жетімді әрі сапалы білім, жұмыс, тұрғын үй және отбасын құру жөніндегі маңызды қажеттіліктермен қамтамасыз етуді көздейтін нақты қолдау шараларын қамтуға тиіс.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 10 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ



Қазақстан Қырғызстанмен серіктестікке айырықша мән беріп келеді. 2018 жылы екі елдің арасындағы тауар айналымы 10%-ке артты. Бұл туралы 24 қаңтарда Қазақстанның ұлттық экономика вице-министрі Айбатыр Жұмағұлов «Іскер Еуразия. Бизнесті дамыту жолдары» атты экономикалық форумда мәлімдеді.

«Мол мүмкіндіктер бар екенін ескере отырып, біз саяси, экономикалық және мәдениет саласындағы жұмыстарды белсендірек жүргізуіміз керек. Қазақстанның статистика қызметінің деректеріне қарағанда 2018 жылы Қазақстан мен Қырғызстанның арасындағы тауар айналымы 10%-ке көбейген. Біз бұл көрсеткіш бұдан да жоғары боулы тиіс деп есептейміз. Қазірдің өзінде біздің сарапшылар тауарлардың 20 позициясында саудасаттықты көбейту мүмкіндігі бар екенін анықтап отыр», - деді ол.

А.Жұмағұлов сонымен қатар, Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы инвестиция салу деңгейі бірдей емес екендігіне де тоқталды. «2005 жылдан бері Қазақстан Қырғызстан экономикасына 700 млн доллар инвестиция құйды, ал Қырғызстанның Қазақстанға салған инвестициясы 100 млн-ға жете қойған жоқ. Бұл дегеніңіз біздің өзара инвестиция салу бағытын дамытуымыз қажет екенін көрсетеді. Doing Business рейтингінде Қазақстан қазір 28 орында және миноритарлық инвестиция бойынша бірінші орында тұр. Сондықтан, ірі көлемдегі инвестициялар жан-жақты қорғалған», - деді вице-министр. Сонымен қатар, баяндамашы Қазақстанның цифрлық интеграцияны дамытуға мүдделі екендігін айтты. Әрі екі елдің арасында 2017 жылы қол қойылған Жол картасын жүзеге асыру турасында да жеке бағыт бар. «Жол картасына қатысты барлық мәселелер белгіленген мерізімде іске асырылып жатыр. Одан бөлек, біз қырғыз әріптестермен бірге деңгейлік бюджет енгізу тәжірибесін ақылдасқымыз келеді», - деді А.Жұмағұлов.

ӨЗБЕКСТАНДА ИНВЕСТОРЛАР ҮШІН «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ВИЗА» ЕНГІЗІЛЕДІ



Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеев 2019 жылдың 1 наурызынан бастап Өзбекстанда шетелдік инвестиция құйылған кәсіпорындардың

құрылтайшылары мен олардың отбасы мүшелеріне арналған «инвестициялық виза» енгізу туралы жарлық шығарды. Визаның жарамдылық мерізімі үш жыл деп белгіленіпті.

Жаңа визаның уақытын созысу үшін елден шығудың да қажеті жоқ екен. Сонымен қатар, Жарлыққа сәйкес Өзбекстанда тауар өндіру мен қызмет көрсету мақсатында кәсіпорын ашу үшін 3 млн доллардан кем емес көлемде инвестиция салған шетелдік азаматтар мен шетел қаржысы тартылған кәсіпорындардың құрылтайшыларына елде тұрақты тұру тәртібі жеңілдетілді. Сөйтіп, инвесторлар елде 10 жыл бойы тұра алатын болды.

«Инвестициялық визасы» немесе Өзбекстанда тұруға ықтияр хаты бар шетелдік инвесторлар, олардың отбасы мүшелері Өзбекстан Республикасының азаматтарына арналған барлық мүмкіндіктерді, атап айтқанда медициналық және білім беру қызметтерін еркін пайдалана алады.